

Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр кенті

«№1 БАЛАЛАР МУЗЫКАЛЫҚ МЕКТЕБІ»
мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны



2017-2018
оқу жылғы
ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП

Алматы облысы Іле ауданы Өтеген батыр кенті
№1 Балалар музыкалық мектебінің
2017-2018 оқу жылғы
ЖЫЛДЫҚ ЕСЕБІ

Ұйым атауы: «№ 1 Балалар музыкалық мектебі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны.

Мекенжайы: 040700, Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр кенті, Титов көшесі 6А үй. Телефон/факс 8 (72752) 20295, 8 (727) 389 56 46.

Құрылтайшы: Іле ауданы әкімдігі. Уәкілетті орган: «Іле ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі.

Банк реквизиттері: ИИК KZ 939650000037942793 «Форте Банк» АҚ филиалы Каскелең қ. Өтеген батыр бөлімшесі, БИН 060540008162

Жарғыны тіркеу орны: Алматы облысы Әділет департаментінің Іле ауданы Әділет басқармасы. Тіркеу куәлігі № 0439075 В № 531-1907-04-ГП сериясы 13.04.2009 жыл

№ 0142634 лицензиясы, АВ сериясы 04.02.2010 жыл. Жарамдылық мерзімі шектеусіз.

ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҰМЫС ТАЛДАУЫ

Өткен оқу жылы балалар музыкалық мектебінде жұмыс Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңына, ҚР Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 29 желтоқсандағы № 543 бұйрығымен бекітілген БММ және БӨМ арналған типтік оқу жоспары мен білім беру бағдарламасына сәйкес жүргізілді.

БММ –де оқушыларға кәсіби бағдар беру үшін, балалардың және жасөспірімдердің шығармашылығын, олардың кәсіби қабілеттерін жүзеге асыру мақсатында қосымша бастауыш музыкалық бағдарламалары жүзеге асырылады.

Оқу жылы басында мектепте 21 мұғалім жұмыс істеді; олардың ішінде домбыра пәні -4, қыл кобыз -1, жетіген - 1, гитара - 1, фортепиано – 7, эстрадалық вокал – 2, теория пәні – 2, хореограф – 1, бейнелеу өнері – 2.

БММ оқытушылары келесі мамандық санаттарына ие: жоғары санат - 1; I –ші санат - 9; II –ші санат - 6; санаты жоқ - 5. Олардың ішінде жоғары білімі бар - 16, аяқталмаған жоғары – 3, арнайы - орта - 2.

2017-2018 оқу жылында БММ педагогтарының білімін жетілдіру:

Қосымша білім беру педагогтарының Республикалық курстарда білімін жетілдіру:

1. Сольфеджио және ӘМӘ оқытушысы Е.В. Корчагина - Павлодар қаласында
2. Гитара сыныбының мұғалімі Тохтиева И.У. - Алматы қаласында

«Шығармашылық шеберлікке баулу орталығы» ЖШС -де:

3. Домбыра сыныбының мұғалімі Алдибаева Ш.Т. - Алматы қаласында

Педагогикалық қызметшілерді аттестаттау

Биылғы оқу жылында аттестаттаудан өткендер:

- Алдибаева Ш.Т. (Домбыра) – жоғары санат берілді
- Бережная И.Т. (Хор, эстрадалық вокал) – II санат берілді

2017-2018 оқу жылында педагогикалық ұжымның әдістемелік жұмысы **«Жеке тұлғаның оқу және шығармашылық уәждемесін жетілдіру»** атты мәселені шешуге бағытталды.

Бұл бағытта БММ оқытушылары белсенді жұмыс жүргізуде. Оқушылардың музыкалық қабілеттерін, техникалық мүмкіндіктерін және шығармашылық шеберліктерін дамыту мақсатында мектепте ашық сабақтар, мастер- кластар өткізіледі, оқу- педагогикалық

репертуардың орындалуының талдауы жүргізіледі. Оқу жылында ашық сабақтар жүргізу арқылы әдістемелік жұмыстар дайындалды:

Бөлімше Пән	Тақырып	Педагог
Эстрадалық вокал	«Методика работы над координацией слуха и голоса у детей»	Бережная Ирина Трофимовна
Эстрадалық вокал	«Вокальные упражнения по Добровольской Н.»	Бережная Ирина Трофимовна
Эстрадалық вокал	«Охрана детского голоса»	Киселева Татьяна Александровна
Фортепиано	«Работа в классе общего фортепиано, чтение нот с листа»	Сатбаева Куралай Болатовна
Фортепиано	«Методика работы над штрихами с учащимися подготовительного класса»	Фурсанова Елена Николаевна
Фортепиано	«Аккомпанемент, как одна из форм коллективного музицирования»	Стадольник Ирина Анатольевна
Фортепиано	«Основные принципы организации пианистического аппарата»	Костюнина Елена Викторовна
Гитара	«Начальное обучение»	Тохтиева Изетгуль Умаржановна
Скрипка	«Работа над постановкой»	Демченко Наталья Леонидовна
Домбыра	«Күйді тез жаттау әдісі»	Копжанова Асия Уалихановна
Сольфеджио	«Сольфеджио или любовь с первых нот»	Корчагина Елена Викторовна
Музыка әдебиеті	«Мусоргский «Картинки с выставки»	Корчагина Елена Викторовна
Мастер класс	«Уроки вокала»	Шагарова Анжела Александровна

2017-2018 оқу жылында БММ –де «Музыкалық білім беру жүйесінде бастауыш білім беру - маңызды буын» («Начальное обучение - важнейшее звено в системе музыкального образования») тақырыбы бойынша аудандық семинар өтті.

Мектеп мұғалімдері аудандық жалпы білім беру мектептері мұғалімдері үшін семинар аясында мастер-кластар мен ашық сабақтар өткізді.

1. «**Артикуляция, как важнейшее условие в работе над произведением**» - вокал және хор педагогы Бережная И.Т.

2. «**Фортепиано сүйемелдеуімен домбырада шығарма орындау**» - домбыра сыныбының мұғалімі Алдибаева Ш.Т.

Және де бөлімшелер атынан тақырыптық педагогикалық кеңеске «**Роль педагога дополнительного образования в обучении и воспитании детей и подростков**» атты тақырыбы бойынша баяндамалар дайындалды :

1. «**Имидж современного учителя**» - Эстрадалық вокал бөлімшесі.

2. «**Требования к личности учителя**» - Фортепиано бөлімшесі.

3. «**Требования к компетентности учителя. Знания, умения, образование**» - Халық аспаптар бөлімшесі.

4. «**Компетенции современного учителя**» - Теория пәндері бөлімшесі.

5. «**Индивидуальный подход к ученику. Дифференциация**» - Скрипка бөлімшесі.

ОҚУ ЖҰМЫСЫНЫҢ ТАЛДАУЫ

Оқу жылының басында оқушылар саны 191 болған, оқу жылы аяғында -182 адам. 9 адам кетті; оның ішінде 4 – мекенжайын ауыстырғандар, 3 – ата – аналардың қаржылық қиындықтарына байланысты, 2 – денсаулық жағдайына байланысты.

Бөлімшелер	Оқу жылы басындағы оқушылар саны	Оқу жылы аяғындағы оқушылар саны
Фортепиано	58	55
Домбыра	50	47
Жетіген	9	9
Қыл қобыз	3	3
Эстрадалық вокал	31	29
Скрипка	8	7
Гитара	18	18
Бейнелеу өнері	14	14
Барлығы:	191	182

БММ –де балалар шығармашылығының ұжымдары жұмыс жасайды: гитарашылар ансамблі– жетекшісі Тохтиева И.У., «Іле жұлдыздары» халық аспаптар ансамблі– жетекшілері Тохтиева И.У., Копжанова А.У., жетіген ансамблі – жетекшісі Құрақ А.Б., домбырашылар ансамблі - жетекшісі Копжанова А.У. қобызшылар ансамблі - жетекшісі Дүйсенбекқызы Т., «Конфетти» вокалдық тобы – жетекшісі Киселева Т.А. Камералық хор құрылған – жетекшісі Бережная И.Т.

2017-2018 оқу жылында хореография пәні бойынша әр жастағы балалардан би топтары жасақталған, олар мектеп концерттерінде өнер көрсетті – жетекшісі Дуйсенова А.Т.

2017-2018 оқу жылында скрипка пәні бөлімшесі ашылды, ондағы оқушылар саны -8, оның ішінде 0 сыныпта – 4 оқушы, 1 сыныпта – 4 оқушы.

Оқу жылының аяғында скрипкашылар ансамблі құрылды – жетекшісі Демченко Н.Л. Оқушылардың ата- аналары келесі оқу жылында балаларын осы аспапта оқытуға ниет білдіруде.

Сонымен қатар үлкен қазақ халық аспаптар оркестрін құру жоспарда бар.

2017-21018 оқу жылында бекітілген 3 жылдық оқыту бағдарламасына сәйкес Бейнелеу өнері студиясы жұмысын жалғастырды. Сабақтар 3 пән бойынша жүргізілді: сурет, сомдау и сәндік қолданбалы өнер. Бұл студия оқушылары жақсы шеберлікке ие болды, республикалық және халықаралық, өнер байқауларында өнер көрсетті, және де жақсы жетістіктерге қол жеткізді.

Білім беру процессінің мақсаты: оқушылардың музыкалық қабілетін жоғарылату, өзіндік білім алу мен өзін өзі қалыптастыру үшін оқу –тәрбиелік ортада және сапалы музыкалық білім беру үшін жақсы жағдай жасау.

2017-2018 оқу жылында мектеп бітіретіндер саны 11 оқушы, оның 4-і халық аспаптар бөлімшесінен және 7-і фортепиано бөлімшесінен. №1 БММ түлектері П.И.Чайковский атындағы Алматы музыкалық колледжінде білімін жалғастыруда: Талипова Дильбаргуль фортепиано бөлімшесінде; гитара бөлімшесінде Сұлтан Бейбарс, Жүнісова Ақниет, Сим Вячеслав; Скулкова Екатерина вокал бөлімшесінде оқуда.

Алға қойған мақсаттар:

1. Жаңа музыкалық білім беру бағыты арқылы білім беру қызметінің сапасын арттыру.
2. Білім беру сапасын, оның оқушылар мен ата-аналар (занды өкілдері), қоғам үшін қол жетімділігін, ашықтығын, тартымдылығын арттыру, рухани – адамгершілік дамуы мен эстетикалық тәрбие беру мен жеке өнерін жетілдіру.
3. Білім беру мекемесінде жайлы білім беру ортасын қалыптастыру.

4. Өнер саласында дарынды балаларды анықтау және оларды өнер түрлері бойынша кәсіби білім беру түсуге дайындау.
5. Оқушылардың жалпы және өнер мәдениетін арттыру.
6. Оқушылардың үздік өнегелі ұлттық құндылықтар мен әлемдік музыкалық – көркем әдебиет мұраларына, мәдени дәстүрлерге деген махаббатын арттыру арқылы тәрбиелеу.
7. Балалар музыкалық мектебінің шығармашылық ұжымын қалалық, аймақтық, республикалық және халықаралық мәдени жобаларға, байқаулар мен фестивальдерге қатыстыру.
8. Балалар музыкалық мектебі педагогтарының мастер – кластар мен семинарлар өткізу арқылы кәсіби құзыретін арттыру үшін жайлы жағдай жасау.
9. Күнделікті оқу процессіне заманауи білім беру технологияларын енгізу.
10. Материалдық- техникалық базаны жақсарту.

Мектептің маңызды бағыты - білім беру процессінің сапасын арттыру мен мектеп бітірушілерді жақсы деңгейде даярлау болып табылады.

Мектеп қызметі бағыттарының бірі - білім беру процессін қадағалауды жетілдіру, бітірушілердің деңгейін қалыптастыру мен дайындығының сапасын жетілдіру болып табылады.

Мектептегі ішкі бақылау арқылы білім беру сапасын қадағалау:

- сабақ жүргізу сапасын;
- оқушылардың оқуда жетістіктерін;
- білім беру бағдарламаларының жетістіктерінің деңгейін;
- СНЖЕ нормалары мен Ішкі еңбек тәртіп ережелерін сақтау;
- Лауазымдық ережелерін сақтау және т.б.

2017-2018 оқу жылынан бастап педагогтар бекітілген білім беру бағдарламаларына сәйкес жұмыс -оқу жоспарын жасауда.

Оқу – жұмыс бағдарламаларының талдауы барысында педагогтардың білім беру-оқу бағдарламаларын толық меңгермегені анықталды, соның салдарынан оқу- жұмыс бағдарламаларының талабы төмендетілген, атап айтқанда : өткен туындының сандары сәйкес емес, өнер туындыларының жанры сақталмаған, емтихан талаптары сәйкес емес. Педагогикалық ұжым білім беру-оқу бағдарламасымен әрі қарай да жұмыс жасау керек.

Оқу жылы барысында мұғалімдер өзара сабаққа қатысуда қарқынды жұмыс жасады, өзара сабаққа қатысу - әдістемелік жұмыстың дәстүрлі нысаны болып табылады, ол өз әріптестерінің жұмысын бағалау мен өз жұмысын талдауға көмек етеді, пәндер бойынша сабақ беру әдістемесінде жаңа үрдіс енгізуге көмектеседі, білім мен шеберліктің қорын толтырады.

Барлық бөлімшелерде өзара сабаққа қатысу парақшаларымен папкалар бар, онда оқытушылар өздерінің сабақтан алған әсерлерін жазады. 20 жылдан астам еңбек өтілі бар тәлімгер педагогтар жас мамандармен тәжірибе алмасып, тәжірибе жинақтауға көмектесу арқылы қарқынды жұмыс жасауы қажет.

Оқушылардың білімі мен шеберліктері деңгейінің жағдайын тексеру.

Жыл барысында бекітілген білім беру - оқу жоспарына сәйкес барлық бөлімшелерде жұмыстар жүргізілді:

- Әр тоқсан аяғында теориялық пәндер бойынша бақылау сабақтары өткізілді.
- Әр жартыжылдық аяғында техникалық емтихандар мен академиялық концерттер өткізілді.

Комиссияның қорытындылары мен шолулары бөлімшелердің академиялық концерттер кітабында көрсетілген.

Мектеп құжатнамаларын бақылау.

2017-2018 оқу жылы барысында журналдардың дер кезінде және ұқыпты толтырылуы мен сыныптық және топтық журналдарда бағалардың қойылуы тексерілді. Сыныптық журналдарды тексеру мақсаты бақылау нысанына сәйкес жүргізілді (теориялық және практикалық жағы): бағдарламалардың орындалуы (теориялық және тәжірибелік жағы). Жылына 2 рет күнтізбелік, тақырыптық, жеке жоспарлар толтырылып, тексерілді. Педагогтар бекітілген кестеге және апталық теңгерімге сәйкес жұмыс жасады.

Оқу жылы ішінде оқушылардың үлгерімін бақылау мониторингі жүргізілді, ол академиялық тыңдаулар кітаптары мен хаттамаларында, емтихандар қорытындыларында, бөлімшелер мен педагогикалық кеңестер хаттамаларында көрсетілген.

2017-2018 оқу жылында байқауларға қатысу қорытындыларының динамикасы

Күні	Деңгейі Байқау атауы	Жүлделі орындар саны	Бөлімше	Оқытушы
қазан 2017ж.	«Сайра бұлбұл» Республикалық байқауы Алматы қ.	1орын- 2оқ. 2орын-1оқ.	Эстрадалық вокал	Бережная И.Т.
Қараша 2017ж.	«Нұрлы жастар – Болашаққа жол бастар» балалар және жасөспірімдер Республикалық байқауы Алматы қ	2 орын- 2оқ. 1 дәрежелі дипломант – 1оқ.	Эстрадалық вокал	Бережная И.Т.
Желтоқсан 2017ж.	Аудандық ІІ-ші балалар шығармашылығының фестиваль - байқауы, «Дана»ЖББМ, Талғар ауданы Алматы облысы.	Гран-при – 1оқ. 1орын-1оқ. 2орын- 2оқ. 3орын-1оқ. Мақтау қағазы- 1оқ.	Бейнелеу өнері	Ли Д.М.
Желтоқсан 2017ж	«Art Studio Planet» Республикалық байқауы Алматы қ.	І тур жеңімпазы - 1оқ.	Эстрадалық вокал	Киселева Т.А.
Ақпан 2018ж.	«Самға Самұрық» Республикалық байқауы Алматы қ.	1орын-1оқ. 2орын -3оқ.	Халық аспаптар	Алдибаева Ш.Т.
Ақпан 2018ж.	«Вдохновение» Халықаралық алыстатылған шығармашылық байқауы Астрахань қ , Ресей	1орын-1оқ.	Бейнелеу өнері	Ли Д.М.
Наурыз 2018ж.	XXXII Халықаралық шығармашылық фестиваль-байқауы «Творческие открытия» Санкт-Петербург қ, Ресей	1орын- 19оқ. 2орын- 6оқ. 3орын-8оқ.	Халық аспаптар, Фортепиано, Бейнелеу өнері	Тохтиева И.У. Копжанова А.У. Дүйсенбекқызы Т. Кұрақ А. Бармина С.Н. Киселева Т.А. Ли Д.М.

Наурыз 2018ж.	«Күншуақ» Республикалық байқау – фестивалі Алматы қ.	1орын-1оқ.	Халық аспаптар Жетіген	Кұрақ А.
Наурыз 2018ж.	Пианистердің аудандық байқауы «Волшебные клавиши» Алматы қ.	2орын-2оқ.	Фортепиано	Костюнина Е.В.
Сәуір-мамыр-маусым 2018 ж.	Халықаралық фестиваль «THE PLANET OF ART 2017-2018», Астана қ. Ұйымдастырушы «ЮНЕСКО» Қазақстан клубтарының ұлттық федерациясы	12 оқ.	Бейнелеу өнері	Ли Д.М.
Мамыр 2018ж.	«Magic voice» Алматы қ. Халықаралық жаңа форматтағы вокалдық байқауы	21оқ.	Эстрадалық вокал Камералық хор	Бережная И.Т.
Мамыр 2018ж.	Республикалық байқау «Тарихи Ұлы Жеңіс»	24оқ.	Домбыра Гитара Вокалдық топ	Тохтиева И.У. Копжанова А.У. Киселева Т.А.
Мамыр 2018ж.	Музыкалық – теориялық пәндер бойынша Халықаралық олимпиада «Музыка жолы 2018» Алматы қ.	2оқ.	Сольфеджио Музыка әдебиеті	Корчагина Е.В. Енсебекова Т.Ж.
Мамыр 2018ж.	Республикалық байқау «Жеңіспен келген көктем»	1 оқ.	Фортепиано	Костюнина Е.В.

Байқауларға қатысу мониторингі

Бөлімшелердің байқауларға қатысу мониторингі барысында бала саны дарынды балалармен жұмыс жасауға, әртүрлі көлемдегі олимпиадаларға қатысуға мүмкіндігі бар қолайлы жағдай жасалғанына қарамастан фортепиано және теория пәндері бөлімшесінің жұмыстары ақсайды.

Салыстыру кестесіне назар салайық:

Бөлімше пән	Бала саны	Қатысушылар саны
Халық аспаптар	77	41+13 анс. = 54
Фортепиано	55	4
Эстрадалық вокал	29	7+21кам. Хор = 28
Бейнелеу	14	25
Сольфеджио		1
Муз. әдебиеті		1

Мектептегі байқауларға қатысуға дайындық жұмысын талдай келе, фортепиано және теория пәндері бөлімшелерінің дарынды балалармен жүргізетін жұмыстары дұрыс деңгейге қойылмаған деген қорытынды туады. Педагогтар келесі оқу жылында осы жұмысты дұрыс жолға қоюлары қажет.

Мектептік ішкі бақылау кестесіне сәйкес 2017-2018 оқу жылы барысында музыка-теориялық пәндер бойынша сабақ жүргізу барысы тексерілген, тексеру қорытындысына сәйкес

дидактикалық материалдар, ақпараттық – коммуникативтік технологиялар қолданылмаған. Бір де бір мектеп ішкі сабақтан тыс шаралар өткізілмеген, мысалы: КЖК сайысы, сабақ-концерт, олимпиада, музыка тыңдау т.б. Осы пәндер педагогтарының жұмысын жемісті деп айту негізсіз.

Сонымен қатар әдістемелік және шығармашылық жұмыстарға ат салысқан педагогтар кем де кем:

- ✓ Оқытушылардың төмен белсенділігі;
- ✓ Кейбір педагогтардың күнделікті жұмыста заманауи дүниелерді қолдану – заман талабы екендігін түсінбеуі;
- ✓ Көптеген педагогтар өздерінің педагогикалық қызметін талдауы кезінде қиындықтарға тап болады, басқалармен өз тәжірибелерімен бөлісе алмайды.

Оқытушылардың кәсіби байқаулар, фестивальдерге қатысуы

БММ оқытушылары әр деңгейдегі байқаулар мен іс шараларға қатысты, онда кәсіби деңгейлерін растау арқылы жоғары жетістіктерге қол жеткізді. Биылғы оқу жылы гитара сыныбының мұғалімі И.У. Тохтиева білім беру саласындағы жұмыскерлері арасындағы көркемөнер облыстық байқауына қатысты. Оқытушылардың кәсіби байқауларға қатысуға ынтасы төмендеу.

Оқушылардың байқауларға, фестивальдер мен олимпиадаларға қатысуы.

Білім беру бағдарламаларының жүзеге асуының көрсеткіші - байқауларға қатысу, онда жеке орындаушылар, ансамбль мен шығармашылық ұжымдардың лауреат және дипломант аталуы болып табылады. Оқушылардың әр түрлі деңгейлердегі байқауларға қатысуы олардың оқу бағдарламасын меңгергендігінің деңгейін көрсетеді, пән бағдары бойынша ой-өрісінің кеңеюіне, табысқа жеткендегі қобалжуын жеңуге, жеңіске шыңдауға, ұжым ауызбіршілігіне, орындау шеберлігін шыңдауға, өзіне берік болуға шақырады.

Мектеп педагогтарының жемісті қызметінің арқасында біздің оқушылар әртүрлі деңгейдегі байқауларда жоғары жетістіктерге жетті.

Қамқоршылық кеңес:

2014 жылдан бастап ата-аналар бастамасымен мектепте 5 адамнан құрылған Қамқоршылық кеңес жұмыс жасайды, оның құрамына ата-аналардан өкілдер кіреді: Джунусов А.С. - төраға, Байтурганов Е. Н.- төраға орынбасары және Аутов А.Н. – кеңес мүшесі, мектептен: директор Қалдыбаева М.М., директор орынбасары Зубова О.Г.

2017-2018 оқу жылында №1 БММ Қамқоршылық кеңесі бірінші құрамының 3 жылдық өкілеттігі аяқталады, 2018-2019 жылдан бастап қайта сайланғаннан кейін Қамқоршылық кеңес жаңа құрамда жұмыс жасай бастайды.

2017-2018 оқу жылында Қамқоршылық кеңесте жұмыс өте жемісті болды – өткен мерзім ішінде қамқоршылық кеңес қаражатына :

- «Іле жұлдыздары» халық аспаптар ансамблі, гитарашылар ансамблі мен камералық хор үшін концерттік костюмдер тігілді.

- әртүрлі деңгейдегі байқауларға қатысу үшін материалдық көмек көрсетілді (Санкт-Петербург қаласындағы Халықаралық байқау, Республикалық байқаулар және т.б.)

- мектеп ішіндегі іс шараларды өткізу үшін жүлделер сатып алынды (өлең оқушылар байқауы, бірінші сынып оқушылары мерекесі және т.б.)

- мектептің есеп беру концерттерінде жалға алған музыкалық аппаратура қызметі төленді

- қазақ халық музыка аспаптары сатып алынды (жетіген)

- техникалық база жаңартылды: вокал мен халық аспаптары бөлімшелері үшін сымсыз микрофон және пульт, музыкалық орталық, вокал бөлімшесіне колонкалар, теория бөлімшесі үшін теледидар, фото/видео түсірілім шараларына штатив және т.б. сатып алынды.

- оқу құжаттары, оқушылар үшін қажет жұмыс дәптерлері жасалды (теориялық пәндер бөлімшесі)

- оқу аспаптарын күйіне келтіру қызметі (фортепиано)

- қажет шаруашылық заттар сатып алынды (тазалау құралдары, дезинфекциялау құралдары, дәретхана қағазы және т.б.)

ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫНЫҢ ТАЛДАУЫ

Балалар музыкалық мектебінде тәрбие жұмысы жанды жақты мәдениетті тұлғаларды тәрбиелеуге бағытталған, оның ішінде мәдени, адамгершілік, азаматтық, патриоттық, эстетикалық құндылықтарды насихаттау кіреді.

Оқу бағдарламасына міндетті түрде Қазақстан композиторларының туындылары енгізілген. Музыка әдебиеті сабағында (сабақ орыс және қазақ тілдерінде жүргізіледі) оқушылар қазақ халқының дәстүрі мен әдет – ғұрпымен танысады. Халық аспаптар сыныптарында қыл қобыз, домбыра, жетіген мамандықтары бойынша сабақтар мемлекеттік тілде жүргізіледі.

2017-2018 оқу жылында сынып сағаттары, оқу семинарлары, тақырыптық концерттер, ата-аналар үшін дәстүрлі концерттер, «Бірінші сынып оқушысы» мерекесі, ауданның жалпы білім беру мектептері оқушылары арасында үгіт насихат концерттері, Қазақстан Республикасының ұлттық мерекелеріне, 8 наурыз Халықаралық әйелдер күні мерекесіне арналған концерттер өткізілді, оның патриотизмге тәрбиелеуге, адамгершілікке, азаматтыққа, қазақ халқының мәдени құндылықтарын насихаттаудағы мәні өте зор.

Оқу жылы кезеңінде жеке орындаушылар, әр түрлі шығармашылық ұжымдар мемлекеттік және ұлттық мерекелерге арналған көптеген мектептік, аудандық және қалалық деңгейлердегі концерттерге қатысты.

Оқу жылының соңында педагогтардың арасында сұрақ-сауал жүргізілді. Сауалнамаға мектеп педагогтары қатысты. Аталған мониторинг білім беру қызметінің құзыреті, біліктілігі мен жүргізілген тәрбие жұмыстарының сапасын айқындайды. Мектеп ғимараты мен сынып бөлмелеріне келетін болсақ, оқушылар да, олардың ата-аналары да сынып бөлмелерінің жетіспеушілігін, мектептің акт (концерттік) залының, киім ауыстыратын бөлменің жоқтығын алға тартады, және де олар оқу бөлмелерінің көбеюін, мектеп ғимаратын күрделі жөндеуден өткізу, қосымша ақпараттық стендтерді жасау керектігін айтады, және де жаңа музыкалық аспаптар мен қолда бар фондтың жаңаруын қалайды.

Осы себепті келесі оқу жылында музыка мектебін өнер мектебі деңгейіне дейін көтеру мақсаты басым, оған хореография, ритмика, бейнелеу өнері мен вокалды қосу, скрипка сияқты ішекті аспаптар бөлімшесін кеңейту, жаңа үрмелі аспаптар бөлімшесін ашу, соған орай оқытушылар құрамын көбейту, ғимаратта күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу жатады. 2017-2018 оқу жылы БММ әртүрлі көлемдегі ауылдық, аудандық, қалалық, облыстық және республикалық концерттерге, семинарлар мен іс шараларға қатысты. Мектеп оқушылары аудандық көлемнен халықаралық көлемге дейінгі байқауларға қатысып, онда жоғары нәтижелер көрсетті. Мектептің барлық оқытушылары мен оқушылары оқу жылы барысында Жамбыл атындағы филармониясына, Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясына, Чайковский атындағы АМК –не барды. Бейнелеу өнері студиясының оқушылары көркем өнер көрмелері мен көрме залдарына, мұражайларға (Ә. Қастеев атындағы өнер мұражайы) барды. Оқушылардың білім деңгейінің көрсеткіші ретінде байқауларға қатысушылар саны жылдан жылға өсуде. 4 оқу жылы ішінде (2014 жылдан 2018 жылға дейін) байқауларға қатысуға ниет білдірегендер саны артуда, соған сәйкес қатысушылардың да саны артуда. Егер 2014-2015 оқу жылында байқауларға 8 ғана оқушы қатысса, 2017-2018 оқу жылының қазан мен наурыз айлары аралығында ғана байқауларға қатысушылар саны **113** жеткен **(1-ші қосымшаны қара)*

2017-2018 оқу жылында жүргізілген іс - шаралар

№	Атауы	Күні	Өткізу орны
1	«Бірінші сынып оқушысы» мерекесі	қазан 2017	«Қуат» б/б акт залы
2	П.И. Чайковский атындағы АМК 85 жылдық мерейтойына арналған мерекелік концерт	қараша 2017	№12 ОМ акт залы (Байсерке ауылы)
3	Жаңа жылдық есеп беру концерті. Бейнелеу өнері студиясы оқушыларының жұмысының көрмесі	желтоқсан 2017	№7 ОМ акт залы
4	Халықаралық байқаулардың лауреаты Шагарова Анжела Александровнаның «Уроки вокала» атты мастер - класы	қаңтар 2018	№1 БММ
5	«Все начинается с Любви...» атты барлық ғашықтар күніне арналған мектеп ішіндегі өлең оқушылар байқауы.	ақпан 2018	№1 БММ
6	8 Наурыз Халықаралық әйелдер күніне арналған мерекелік концерт	наурыз 2018	№1 БММ
7	Наурыз мерекесі. Педагогтар триосы мен камералық хордың мерекелік концертте өнер көрсетуі.	наурыз 2018	Үш ұрпақ паркі, Өтеген батыр кенті
8	Жылдық есеп беру концерті. Бейнелеу өнері студиясы оқушылары жұмыстарының көрмесі	сәуір 2018	№7 ОМ акт залы
9	Үгіт – насихат ағарту концерттері- аудан орта мектептерінде қазақ халық аспаптарын насихаттау лекциялары (№7 , №38, №13 ОМ, №24 лицей; №12, №9, №28 ОМ)	сәуір2018	Өтеген батыр кенті Байсерке ауылы
10	2017-2018 жылғы Бітіру кеші	мамыр 2018	«Қуат» б/б акт залы

2017-2018 оқу жылында барлығы 10 іс – шара өткізілді.

2016 жылдан бері 3-ші жыл ішінде №1 БММ **білім беру үгіт концерттерімен** аудан мектептеріне баруда (Өтеген батыр кентіндегі жақын орналасқан мектептерге: №13,38,7 ЖМ, №24 лицей, Байсерке ауылындағы № 12,9 ОМ, № 28 гимназия). Мұғалімдер және концертке қатысатын оқушылар музыка аспаптары туралы лекция-концерттер дайындайды. Аталған концерттерде мектеп мұғалімдері аспаптар туралы қысқаша мағлұматты лекциялар жүргізеді, аспаптың өзімен таныстырып, оның күй-нақышын көрсетеді (жанды даусын және экранда) – оқушылар мен мұғалімдер жеке дауыста және педагог пен оқушы қосылып ансамбль болып қысқаша концерт береді. Осылайша жалпы білім беру мектептерінің оқушылары сирек кездесетін аспаптарды танып, біліп, тыңдайды, ол балалардың қосымша музыкалық білім алуға деген құштарлығын арттыруға себеп.

2017-2018 оқу жылы ішінде №1 БММ барлық бөлімшелері концерттерге қатысты (фортепиано, халық аспаптары: қыл – қобыз, жетіген, домбыра, тұяқтас, асатаяқ және т.б., және де гитара, скрипка, вокал). Әр жыл сайын аталған үгіт- насихат лекция - концерттеріне жалпы білім беру мектептерінен көрермен ретінде шамамен 300-400 оқушы келеді.

Шығармашылық кездесулер

2017 жылдың қараша айында Чайковский атындағы Алматы музыка колледжінің 85 жылдық мерейтойына арналған мерекелік шығу концерті өтті. Алматы қаласы П. Чайковский атындағы музыкалық колледжі оқытушылары мен студенттері № 1 БММ балалары мен ата-аналары үшін өткізген концерті қуанышты эмоциялар қалдырып, екі жақты қарым – қатынасты жалғастыруға тілек туғызды. № 1 балалар музыка мектебінің колледжбен бұрыннан қарым – қатынасы жақсы, ал мектептің үздік түлектері П. Чайковский атындағы АМК-де кәсіби білімін жалғастыруда. Осы концертте ұжыммен де, жеке де өнер көрсететін үздік студенттер

арасында біздің гитара сыныбының мұғалімі И.У. Тохтиева өзінің үздік оқушыларын таныды, олар – Жунісхан Ақниет, Сұлтан Бейбарс, Сим Вячеслав және Талипова Дильбара.

Осы тәріздес іс – шаралардың жас музыканттың қалыптасуына тигізер пайдасы өте зор, өйткені оқушы көзбе көз аспапта қалай ойнау керек екендігін, қай бағытқа ұмтылу қажет екенін түсінеді, ал жанды дауыс бала санасында жарқын мотивация мен өнерге деген махабатын оятады.

П. Чайковский атындағы АМК халық аспаптар бөлімшесі өте қызықты бағдарлама даярлаған, оның ішінде жеке дауыста да ән айтылды, гитарашылар ансамблі, баян, домбырашылар, орыс халық аспаптар оркестрі де өнер көрсетті.

АҚПАРАТТЫҚ КЕҢІСТІК, БАҚ- мен ЖҰМЫС

Мектептің ресми сайты <http://musicschool1.kz>




ГЛАВНАЯ - АФИША - УЧАЩИМСЯ - НАБОР - ФОТО/ВИДЕО ГАЛЕРЕЯ - ОТЗЫВЫ - КОНТАКТЫ

2014 жылдан бастап facebook –те ресми парақша ашылды

<https://www.facebook.com/groups/musicschool1>

Осы мерзімге дейін 357 жазылушылар бар, жазылушылар саны әрдайым толығуда



ШЕШУДІ ТАЛАП ЕТЕТІН МӘСЕЛЕЛЕР:

1. Тәрбиелік іс – шараларды өткізу барысында барлық бірдей оқытушылар қажетті жауапкершілік көрсете бермейді , назар аудармайды (концерттер, мерекелер, т.б.)
2. Іс – шаралар кезінде тәртіпті сақтауға және іс-шараларға қатысушыларды ұйымдастыруға жеткіліксіз назар аударылады.
3. Педагогтардың тәрбиелік жұмыста жеткіліксіз мотивациясы мен бастамашылдығының төмендігі.
4. Оқу бөлмелерінің жасақталуы төмен деңгейде. Дидактикалық материалдар , көрнекті құралдар мен тақырыптық стенділер жоқ.
5. Вокал бөлімшесінің әр түрлі іс –шараларда өнер көрсетуі үшін «Плюс» пен «Минус»-те жазылған концерттік шығармалар жоқ.
6. Вокал бөлімшесінің концерттік нөмірлерінде бишілердің биі жоқ
7. Фортепиано және теория пәндері бөлімшесі оқушыларының байқауларға қатысуға деген ынтасы төмен.
8. Ақпараттық кеңістікте жеткіліксіз жұмыс. Сайтты толтыру мақсатында тағы да қосымша жұмыстар жүргізу қажет (аудио және видео роликтерді, жүктеуге болатын оқу материалдарын енгізу), оның техникалық диапазоны мүмкіндіктерін кеңейту, кері байланысты орнату.
9. БАҚ -мен жұмыс төмен деңгейде. Бар оқу жылында 3-4 қана мақала жарық көрді.

2018-2019 ОҚУ ЖЫЛЫНА ҚОЙЫЛАТЫН МАҚСАТТАР:

1. 2018-2019 оқу жылына барлық бөлімшелерге толық қабылдауды жүргізу.
 - 1.1. Қазақ халық аспаптары оркестрін жасақтау үшін жұмыс жүргізу.
2. Аудандық әкімдік алдында Балалар музыкалық мектебін Балалар өнер мектебі атауымен қайта құруды және Іле ауданы орталығында типтік Балалар өнер мектебін салуды сұрау.
3. Оқушыларды дайындау арқылы (соло, ансамбльдер, вокал, хор, бейнелеу, музыкалық-теоретиялық пәндер) облыстық, республикалық және халықаралық фестиваль-байқауларға қатысу мақсатында **«Развитие учебной и творческой мотивации личности»** әдістемелік жұмысын жалғастыру.
 - 3.1. Фортепиано бөлімшесінің әр мұғалімі байқауға қатыстыру үшін 2 оқушыдан артық адам дайындасын.
 - 3.2. Теория бөлімшесі жұмыс жоспарына тәрбиелік, байқаулық іс-шараларды қоссын. ӘМӘ, ҚМӘ пәндері бойынша ақпараттық-коммуникативтік технологияларды қолдану арқылы жаңа тақырыптық тұсаукесер дайындасын.
4. Барлық мұғалімдер әрдайым өз кәсіби біліктіліктерін арттырсын. Өз бетінше білім алсын.
5. Қамқоршылық кеңеспен бірлесе отырып мектептің материалды-техникалық базасын жақсарту және мектептің ресми сайтына алға қарай дамыту жұмыстарын жасасын.
6. Оқушылардың өнегелік мәдени тәрбиесін және білімділігін арттыру мақсатында жұмыс жүргізілсін.
7. Оқушылардың білімін жоғарылату үшін жұмыстар жүргізілсін:
 - оқушылар және педагогтардың өзара творчестволық қарым – қатынасы мен ынтымақтастығының дамуына ықпал ететін заманауи технологияларды меңгеру;
 - білім беру процесі қатысушыларының денсаулығын сақтау мен нығайтуға ықпал ететін қоршаған ортаны қорғау жұмыстары жалғастырылсын;
 - педагогтың кәсіби құзырын жоғарылатуға ықпал ететін әдістемелік жұмысты жалғастыру;
 - педагогикалық шеберлік байқауларына белсенді қатысу;
 - «Музыка әдебиеті» және «Сольфеджио» пәндері бойынша компьютерлік тұсаукесер - жаңа жұмыс нысанын оқу – тәрбиелік процессіне енгізуді жалғастыру .
8. Педагогтың кәсіби қызметі кезеңінде әр түрлі салаларда қол жеткізген жетістіктерінің талдауының негізінде қалыптастыратын портфолио жасақтауды жалғастыру.

9. Мекеменің әдістемелік және шығармашылық жұмысы бойынша ақпараттандыру үшін БММ көрнекілік рәсімдеуді жүзеге асыру.

10. Жаңа оқу жылы басына бөлімшелерге бекіткен кабинеттерді талаптарға сәйкес эстетикалық тұрғыда рәсімдеу.

11. Әр бөлімшеден БАҚ –мен жұмыстың медиа-жоспары жасалып, бекітілсін.

12. Вокалдық концерттік туындылардың «плюс» және «минус» - тарын жазу.

13. Хореограф келесі жылға вокалдық нөмірлердің хореографиялық сүйемелдеуін дайындасын № 1 БММ оқушыларынан би тобын жасақтасын.

2017-2018 оқу жылында байқауларға қатысу бойынша МОНИТОРИНГ

2017-2018 оқу жылында әртүрлі деңгейдегі
байқауларға қатысу
ЛАУРЕТТАР ЖӘНЕ ДИПЛОМАНТТАР




Лауреаттар мен дипломанттар дайындалды:
113 қатысушы – 14 байқау (қазан-мамыр)

ҚАЗАН.
"Сайра бұлбұл" республикалық байқауы Алматы қ.
"Эстрадалық вокал" бөлімшесінің оқушылары қатысты. Педагог Бережная Ирина Трофимовна
1. Қанар Амина - 1 орын
2. Амантай Әнелъ - 1 орын
3. Жаңабай Диана - 2 орын

ҚАРАША.
"Нұрлы жастар - Болашаққа жол бастар" балалар және жасөспірімдер шығармашылығының республикалық байқауы, Алматы қ.
"Эстрадалық вокал" бөлімшесінің оқушылары қатысты. Педагог Бережная Ирина Трофимовна
1. Қанар Амина - 2 орын
2. Амантай Әнелъ - 2 орын
3. Алшын Адия - 1 дәрежелі дипломант

Әр түрлі байқауларға қатысу
ЛАУРЕАТТАР ЖӘНЕ ДИПЛОМАНТТАР



арналған балалар және жасөспірімдер шығармашылығының II аудандық фестиваль-байқауы, «Дана» ЖББМ, Талғар ауданы Алматы облысы. Ұйымдастырушылар Мектепке дейінгі ұйымдардың Қазақстан ассоциациясы және Алматы облыстық Кәсіпкерлер палатасы. Бейнелеу өнері студиясының оқушылары қатысты. Жетекшісі Ли Дарья Михайловна

1. Серікова Ханшайым - **ГРАН-ПРИ**
2. Чернов Владислав - **1 орын**
3. Амантай Айдана - **2 орын**
4. Уляшев Илья - **2 орын**
5. Рабат Акмарал - **3 орын**
6. Байтурган Зарина – **қатысушы мақтау қағазы**

ЖЕЛТОҚСАН. Алматы қ. Art Studio Planet Республикалық эстрадалық байқауы. "Эстрадалық вокал" бөлімшесінің оқушысы қатысты. Педагог Киселева Татьяна Александровна.

1. Курцев Александр – I кезең жеңімпазы.

АҚПАН. Алматы қ. "Самға Самұрық " IV Республикалық байқауы. «Халық аспаптар» бөлімшесінің оқушылары қатысты Педагог: Алдибаева Шолпанай Тауыпалдиевна

1. Талғатқызы Жансая (домбыра) - **1 орын**
2. Қанапия Медина (домбыра) - **2 орын**
3. Сейтжанова Адема (домбыра) - **2 орын**
4. Амантай Айдана (домбыра) - **2 орын**

АҚПАН. «Вдохновение» Халықаралық алыстатылған шығармашылық байқауы Ресей Федерациясы Астрахань қаласы. Бейнелеу өнері студиясының оқушылары қатысты.

Педагог Ли Дарья Михайловна

1. Амантай Айдана – **1 орын**

НАУРЫЗ. «ТВОРЧЕСКИЕ ОТКРЫТИЯ» XXXII Халықаралық шығармашылық фестиваль – байқауы Санкт-Петербург қаласы.

1-ШІ ОРЫН

1. Халық аспаптар бөлімшесінің . «Іле жұлдыздары» ансамблі (гитара, домбыра, жетіген) - 13 адам Педагогтар Тохтиева И.У., Копжанова А.У.
2. Қуаныш Еңлік (жетіген). Педагог Құрақ Айжан Бекмұратқызы
3. Еркінқызы Аяжан (домбыра). Педагог Копжанова Асия Уалихановна
4. Талетай Амина (домбыра). Педагог Копжанова Асия Уалихановна
5. Байтұрғанова Сабижан (фортепиано). Педагог Бармина Светлана Николаевна

2-ШІ ОРЫН

6. Бердыбаева Альмира (қыл қобыз). Педагог Дүйсенбекқызы Тоғжан
7. Қыдырбаева Айгерим (домбыра). Педагог Копжанова Асия Уалихановна
8. Әбікен Бекнұр (гитара). Педагог Тохтиева Изетгуль Умаржановна
9. Байтұрған Зарина (эстрадалық вокал). Педагог Киселева Татьяна Александровна

3-ШІ ОРЫН

10. Игнатов Кирилл (домбыра). Педагог Копжанова Асия Уалихановна
11. Бушуев Даниил (гитара). Педагог Тохтиева Изетгуль Умаржановна
12. Дуспаева Карина (гитара). Педагог Тохтиева Изетгуль Умаржановна
13. Степанцов Александр (гитара). Педагог Тохтиева Изетгуль Умаржановна
14. Амантай Алима (фортепиано). Педагог Бармина Светлана Николаевна

БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІ. Педагог Ли Дарья Михайловна

15. Уляшев Илья – **1 орын**
16. Чернов Владислав – **1 орын**
17. Горяев Амина – **2 орын**
18. Рабат Акмарал – **2 орын**
19. Амантай Айдана – **3 орын**
20. Саменова Диляра – **3 орын**
21. Чернышов Роман – **3 орын**

Арнайы жүлделер

Қуаныш Еңлік – **үздік әртіс қатысушы**

Еркінқызы Аяжан, Байтұрған Зарина – **үздік костюм**

НАУРЫЗ. Алматы қаласы «Күншуақ» Республикалық фестиваль - байқауы. Педагог: Қурақ Айжан Бекмұратқызы

1. Габитова Жанар (жетіген) - **1 орын**

НАУРЫЗ. "Волшебные клавиши" пианистердің аудандық байқауы. Талғар ауданы Білім бөлімшесінің Панфилов ауылы «Балалар музыкалық мектебі» МКҚК. «Фортепиано» бөлімшесінің оқушылары қатысты. Педагог - Костюнина Елена Викторовна

Жетістіктер:

1. Алшын Адия – **2 орын**
2. Саттарова Арайлым – **2 орын**

СӘУІР-МАМЫР-МАУСЫМ. Халықаралық фестиваль «THE PLANET OF ART 2017-2018», Астана қ. Ұйымдастырушы «ЮНЕСКО» Қазақстан клубтарының ұлттық федерациясы. Бейнелеу өнері студиясының оқушылары қатысты. Жетекшісі Ли Дарья Михайловна. Жеңімпаздар жұмыстары "Астана - әлем қаласы" мерейтойлы альбомына енгізілді. Марапаттау шілдеде өтеді.

Жетістіктер: 1. Уляшев Илья – **конкурс жеңімпазы**

Байқаудың құрметті дипломанттары:

2. Жүсіп Асылдай

8. Чернов Владислав

3. Амантай Айдана

9. Гораеб Амина

4. Серікова Ханшайым

11. Шахи Эстер

5. Рабат Акмарал

12. Асанбай Данеш

6. Байтурганова Сабижан

МАМЫР. «Тарихи Ұлы Жеңіс» атты республикалық байқау Алматы қ. Халық аспаптары (домбыра, гитара) және вокал бөлімшесінің оқушылары қатысты. Педагогтар: Тохтиева И.У., Көпжанова А.У., Киселева Т.А.

Жетістіктер:

1 ОРЫН:

Байтурганова Сабижан (гитара)

Бушуев Даниил (гитара)

Талетай Амина (домбыра)

Әбілқасым Мерей (домбыра)

2 ОРЫН:

Кыдырбаева Айгерим (домбыра)

Степанцов Александр (гитара)

Чернов Владислав (гитара)

"Гле жұлдыздары" ансамблі - жетекшілер Тохтиева И.У. мен Көпжанова А.У.

Гитарашылар ансамблі – жетекшісі Тохтиева И.У.

"Конфетти" вокалдық тобы - жетекшісі Киселева Т.А.

3 ОРЫН:

Калдыбаев Мансур (домбыра)

Уляшев Артем (гитара)

МАМЫР. «Magic voice» атты жаңа форматтағы халықаралық вокалдық байқауы. Алматы қ. Вокал бөлімшесінің оқушылары қатысты: камералық хор, вокалдық топ және жеке орындаушы. Педагогтар: Бережная И.Т., Киселева Т.А.

Жетістіктер:

1.№1 БММ камералық хоры– **1 орын**

2. Вокалдық топ – **3 орын**

3. Жанабай Диана – **3 орын**

МАМЫР. Музыка- теориялық пәндер бойынша «Музыка жолы 2018» халықаралық олимпиадасы Алматы қ. Теория бөлімшелерінің оқушылары қатысты. Педагогтар: Корчагина Е.В., Енсебекова Т.Ж.

Жетістіктер:

1. Дуспаева Карина – қатысушы мақтау қағазы (дипломант)

2. Саттарова Арайлым - қатысушы мақтау қағазы (дипломант)


МАМЫР. «Жеңіспен келген көктем» атты республикалық байқау Алматы қ. Фортепиано бөлімшесінің оқушы қатысты. Педагог: Костюнина Е.В.

Жетістіктер:

1. Саттарова Арайлым - **БАС ЖҮЛДЕ**

**2014 ЖӘНЕ 2018 ОҚУ ЖЫЛДАРЫ КЕЗЕҢІНДЕГІ БАЙҚАУЛАРҒА ҚАТЫСУШЫ
ЛАУРЕАТТАР МЕН ДИПЛОМАНТТАРДЫҢ САЛЫСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУЫ**


№	Кезең	Байқаулар саны	Қатысушылар саны
1	2014-2015 (мамыр-маусым)	3	8
2	2015-2016 (сәуір-мамыр)	3	29
3	2016-2017 (желтоқсан-мамыр)	12	40
4	2017-2018 (қазан-мамыр)	14	113
Барлығы		32	190



4 оқу жылы кезеңінде (2014-2018 ж.ж.) оқушылардың арасынан байқауларға қатысуға мүдделілер саны артуда, осыған сәйкес қатысушылар саны артуда. Егер 2014-2015 оқу жылы байқауға 8 ғана адам қатысса, 2017-2018 оқу жылының қазан мен наурыз айлары аралығында байқауларға қатысушылар саны 113 адамға жеткен.

**2018 жылғы мамыр айының нақты ақпараты.*

2014 ЖӘНЕ 2018 ЖЫЛДАР КЕЗЕҢІНДЕГІ ІС –ШАРАЛАР МОНИТОРИНГІ



№	Кезең	Іс - шаралар саны
1	2014-2015	8
2	2015-2016	7
3	2016-2017	9
4	2017-2018	10
Барлығы өткізілді		34

Сонымен қатар 4 оқу жылы шінде мектептегі жыл сайынғы іс шаралардың саны тұрақты өсуде – семинар, мастер – кластар, концерттер, мерекелер, мектептегі байқаулар мен бітіру кештерін қоса алғанда саны 8-ден 10-ға дейін жоспарлы іс – шаралар өткізілді.